

## **"Құрамына тау-кен құтқарушылар бөлімшелері кіретін әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімдерінің штабы" қазыналық кәсіпорнын беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 шілде N 1061

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, тау-кен және кенге қатысты емес өнеркәсіп ұйымдарында, сондай-ақ, пайдалы қазбаларды өндірумен байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салу және пайдалану объектілерінде профилактикалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жетілдіру, авариялық-құтқару қызметтерінде бірыңғай басшылық қағидатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Құрамына тау-кен құтқарушылар бөлімшелері кіретін әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімдерінің штабы" қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің қарамағына берілсін.

2. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы органы болып Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі белгіленсін.

3. Төтенше және авариялық жағдайларда тау-кен құтқару және өзге де арнаулы жұмыстарды орындау, тау-кен ұйымдарында және кенге қатысты емес өнеркәсіпте, пайдалы қазбаларды өндірумен байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салу және пайдалану объектілерінде өрттен, су басуы мен кен қалдықтарының құлауынан, газ жарылыстары мен шаң-тозаңнан қорғау Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Кен" әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталуын;

2) Кәсіпорын жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК